

Нұрғазы Жапбаров

Білім беру саласының дамуына үлкен үлес қосқан педагогтардың бірі – «Аударма ісі» мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі, жоғары санатты ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Нұрғазы Жапбаров.

Нұрғазы Әбсадықұлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 25 жылдан бері қызмет етіп келеді.

Педагог ағылшын тілі бойынша деңгейлік EF Standard English Test нәтижесі бойынша C2 Proficient дәрежесін иеленген

Педагогтың халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында және ғылыми-әдістемелік журналдарда 50 мақаласы жарық көрді. Сондай-ақ, 12 ғылыми-әдістемелік оқу құралы, 3 электронды оқу құралының авторы.

Нұрғазы Әбсадықұлы 2013 жылдан бері магистратура мен докторантураға түсу емтихандары бойынша республикалық Тестілеу орталығында тест құрастырушы және сарапшы қызметін атқарып келеді. Ұлттық бірыңғай тестті ұйымдастыру бойынша министрлік өкілі ретінде Апелляциялық комиссия төрағасы, ҰБТ жетекшісі қызметін де атқаруда.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік Басқару Академиясы» Қызылорда облысы бойынша филиалында IELTS, ARTIS емтиханы бойынша инструктор, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсы қазылар алқасының тұрақты мүшесі.

Нұрғазы Әбсадықұлы ЭКСПО-2017 көрмесінің аясында Нұр-Сұлтан қаласында өткен инженерлер мен ғалымдардың Дүниежүзілік Конгресінде аудармашы қызметін атқарды.

Қазақстан өңірлеріне шетелдік инвестицияларды тарту, олардың туристік әлеуетін нығайту және оң имиджін қалыптастыру мақсатында «Байқоңыр» ғарыш айлағында ұйымдастырылған жиында қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде аудармашылық қызмет атқарды. Шараға Қазақстанда тіркелген дипломатиялық корпус басшылары мен 19 елдің елшісі қатысты.

Педагог «Шетел тілі пәнінің үздік мұғалімі-2018» атты III халықаралық педагогикалық конкурста I орын, республикалық ғылыми-педагогикалық «Үздік сабақ жоспары» сайысында жүлделі III орын иеленген. «Қазақстан педагогы» республикалық педагогикалық конкурста «Педагогтың үздік портфолиосы» номинациясы бойынша II орынды жеңіп алды.

Ол ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» медалін иеленіп, Құрмет грамотасымен 3 мәрте марапатталған.